# Қазақ университеті

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

№ 19 (1571)
26 мамыр
2015 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz




## КазНУ принят в «COMSATS»

***КазНУ единственной из вузов СНГ принят в члены авторитетной международной межправительственной организации «COMSATS» (Комиссия по науке и технологиям в целях устойчивого развития на Юге).***

*Продолжение на 2 стр.*

## КҮН ТӘРТІБІНДЕ 100 НАҚТЫ ҚАДАМ

**Кезекті ректорат отырысында Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бес институционалды реформасын жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадамды талқылау күн тәртібіндегі басты сауалға айналды.**

Жиынды жүргізген бірінші проректор Мұхамбетқали Бүркітбаев Президент айтқан бес институционалды реформаны жүзеге асыру жолында көптеген жұмыстар қолға алынып жатқандығын тілге тиек етті.

Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының меңгерушісі Айжан Жатқанбаева: «Мемлекет басшысы айтқан жаңа бастамалар мен үндеулер әрбір қазақстандықтар үшін маңызды. Себебі, ел экономикасының қарқынды өсуін арттыру арқылы дамыған 30 елдің қатарынан көрінуіне ықпал ету, заң үстемділігін қамтамасыз ету – алдағы жүзеге асырар мақсатымыз», – дей келе, бағдарламаның ел болашағындағы маңызы мен құқықтық қолдау мәселесіне егжей-тегжейлі тоқталды.

Ұлт көшбасшының салиқалы саясатының арқасында келген бір ұлттың жоспары алдағы уақытта да елдің әлеуетін көтеріп, мәртебесін өсіретіні хақ. Өйткені, Елбасы мемлекеттің табыстылығы мен тұрақтылығын алдыңғы кезекке қоя отырып, жаһандық сын-қатерге осылайша жауап беруді жөн көрді.

Сыртқы саяси тұрақтылықтың бір көрінісі бүгінде Қазақстанның әлеммен ынтымақтастығы артып, ұлттар мен ұлыстардың, әртүрлі дін өкілдерінің басын бір ортаға біріктірген, қаймағы бұзылмай, айрандай ұйып отырған бейбіт ел ретінде абыройымыз артып, мерейіміз үстем болып отыр.

Сондай-ақ жиында «Болашағы біртұтас ұлт» турасында сөз сөйлеген Меңдігүл Ноғайбаева: – «100 қадамның» «50 қадамы» былтыр ғана ұсынылған «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясатын жүзеге асыруға бағытталғандығын білеміз Ал қалған «50 қадамы» сол бес институционалды реформаның жүйесіне негізделген.

*Жалғасы 2-бетте*

**В Сеуле (Ю.Корея) состоялся второй форум ООН по академическому влиянию, который подвел итоги работы за прошедший год и наметил повестку дня по стратегическому развитию после 2015 года. Важность этого события в том, что он проходил в год подготовки к принятию глобальной стратегии устойчивого развития тысячелетия, которая будет определена Генеральной Ассамблеей ООН.**

# ВЫСОКАЯ ОЦЕНКА ООН




В мероприятии приняли участие генеральный секретарь ООН Пан Ги Мун, генеральный директор ЮНЕСКО Ирина Бокова, специальный советник генерального секретаря Джеффри Сакс, руководители структурных подразделений ООН, представители правительств, нобелевские лауреаты, главы международных и неправительственных организаций, ректора ведущих вузов мира.

Со словами приветствия к участникам форума обратился Пан Ги Мун, который остановился на глобальных вызовах и работе ООН по разработке программы действий мирового сообщества по решению насущных проблем человечества. Он также подчеркнул активную деятельность хабов академического влияния (UNAI) по интеллектуальному вкладу в работу ООН и решение вызовов тысячелетия. В этом ключе он дал высокую оценку деятельности КазНУ им. аль-Фараби, возглавляющего глобальный хаб программы по устойчивому развитию, как примера целенаправленной работы по проблемам устойчивого развития и зеленой экономики.

На форуме выступил ректор КазНУ академик Галым Мутанов, презентовавший собравшимся отчет о работе университета в качестве глобального хаба ООН и проведенных международных мероприятиях. Он призвал вузы UNAI присоединиться к реализации «Модельного плана устойчивого развития университетов», одобренного на III Азиатском форуме университетов в 2014 г., принять участие в дискуссиях по проблемам устойчивого развития на постоянно действующей виртуальной площадке «G-Global», которая в настоящее время модерируется КазНУ им. аль Фараби.

Участники форума положительно отозвались об инициативах Казахстана по решению мировых проблем человечества – глобальной стратегии энергоэкологической безопасности, «Green bridge», «G-Global» и др. «Академическое сообщество вносит важный вклад в решение самых сложных проблем человечества, способствует устойчивому развитию и сохранению мира. КазНУ им. аль-Фараби, являясь глобальным хабом программы ООН «Академическое влияние» по устойчивому развитию, принимает активное участие в защите экологии и окружающей среды, проводит работу по продвижению идей устойчивого развития, ведет исследования и разрабатывает проекты альтернативных и возобновляемых источников энергии», - отметил на форуме директор департамента общественной информации ООН и руководитель программы «Академическое влияние» Раму Дамодаран.

На форуме делегаты со всего мира обсудили повестку дня развития человечества после 2015 года, которая строится на достижениях реализации целей развития тысячелетия и направлена на решение глобальных проблем планеты. Кроме того, они выработали «дорожную карту» на 2015 год, нацеленную на решение общих задач в сфере академического влияния и укрепления глобальных академических связей между университетами.

**ПРЕСС-СЛУЖБА**


**БҮГІНГІ САНДА:**

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

2-бет




**БҮГІНГІ САНДА:**

СОТРУДНИЧЕСТВО С ВУЗАМИ ИНДИИ

3-стр.



**БҮГІНГІ САНДА:**

СПОРТ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

8-бет



# ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

**ҚР Ұлттық банкі мен Ислам банкінің бірлескен саммиты аясында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Тун Абдул Разак университеті (УНИРАЗАК, Малазия) өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.**

Магистратура бағдарламасы бойынша кадрларды дайындау шешімі ағымдағы жылдың сәуір айында екі университет ректорының кездесуінде талқыланған болатын. Жаңа оқу жылынан бастап аталмыш бағдарлама студенттердің экономика, бухгалтерия, қаржы, бизнес, менеджмент және ислам ғылымы салаларында жүзеге асатын болады.

Келісімшартқа ҚазҰУ-дың оқу ісі жөніндегі проректоры Дархан Ахмед-Зәки мен УНИРАЗАК университетінің проректоры Самсинар Бинти Сидин қол қойды. Меморандумға сәйкес, университеттер исламдық банкинг және қаржыландыру саласында қосдиплом магистрлік бағдарламасын ынтымақтастықта жүзеге асыратын болады.

«Елімізде исламдық банкинг және қаржыландыру секторы дамиды деп күтілуде. Бұл өз кезегінде сәйкес кадрлардың қажеттігін тудыратын болады. Сондықтан осы бағыттағы мамандықты игерген түлектерге сұраныс артпақ», – деді ҚазҰУ-дың оқу-ісі жөніндегі проректоры Дархан Ахмед-Зәки.

Оның айтуынша, бағдарлама ҚазҰУ-дың Экономика және бизнес жоғары мектеп базасында жүзеге асырылады. Студенттер бірінші семестрді ҚазҰУ-да оқитын болса, малазиялық оқу орнында – екінші семестрді оқиды, ал үшінші семестрді қай жерде оқитындығын олар өздері таңдай алады. Сондай-ақ, білімгерлердің магистрлік диссертация дайындығымен Малазиядағы ислам банкінде іс-тәжірибеден өтуге мүмкіндігі бар. Бағдарлама түлектеріне магистрлік дәреже екі университет тарапынан да берілетін болады.




Малазиялық университет проректоры Самсинар Бинти Сидин өз сөзінде: «Бірлескен оқу бағдарламасы жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушыларға арналған және тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлем бойынша түлектерді ислам банкингі мен қаржыландыруы нарығындағы басшылық қызметке жоғары деңгейде даярлауға бағытталған», – деді.

**Өз тілшімізден**

*Жалғасы. Басы 1-бетте*

РЕКТОРАТ

## КҮН ТӘРТІБІНДЕ 100 НАҚТЫ ҚАДАМ

Соның ішінде тәуелсіздік алғаннан кейін біртектілік мәселесі азаматтылыққа келіп тірелгені де баршамызға аян. Елбасы айтып жүргендей Қазақстандағы көп ұлттар мен ұлыстардың татулығы – елі тәуелсіздігінің негізі. Сондықтан біртектілікті қалыптастыру өте маңызды іс болып табылады. Елбасының еліміздің гүлдену жолындағы қажырлы саясатын әрі қарай жалғастыратын және оның нүктесін қоятын бағыт осы болса керек», – деген салмақты ой айтты.

Осы турасында өзіндік пікір білдірген менеджмент және маркетинг кафедрасының меңгерушісі Алмажан Жулаева да жас мемлекеттің мұндай батыл қадамға баруының өзі ерлікпен тең екендігін әрі бұл реформаның қуатты ел болуымыз үшін маңыздылығының зор екендігін баса айтып өтті.

Кемел келешек жолын таңдап берген Елбасының халық игілігі үшін жасап жатқан батыл қадамдары құптарлық іс. Жедел түрде шешімін табуға тиіс өзекті мәселелерді басты нысанға алып, кадрлық әлеуетімізді көтеретін саяси деңгейдегі көшбасшымыздың жаңа реформасын барша ҚазҰУ ұжымы қолдайды. Бұл ретте де ұжым оны сала бойынша талқылау арқылы өз міндеттерін айқындай түсті.

**Жұлдыз ӘБІЛ**

*Продолжение. Начало на 1 стр.*

## КазНУ принят в «COMSATS»

Решение о вступлении казахстанского вуза в состав организации было принято на заседании координационного совета в г.Коломбо (Шри Ланка). Этому предшествовал всесторонний и скрупулезный анализ научно-образовательного потенциала КазНУ со стороны международных экспертов «COMSATS», которые посетив университет, дали высокую оценку уровню его научно-инновационного развития. Также ими было отмечено, что университет известен как центр передового опыта, имеет международную известность и проводит большую работу, возглавляя глобальный хаб программы ООН «Академическое влияние» по устойчивому развитию.

Членство в «COMSATS» дает возможность КазНУ участвовать в международных научных и образовательных проектах, в таких областях, как информационные и коммуникационные технологии, нанотехнологии и новые материалы, возобновляемые источники энергии, изменение климата и охрана окружающей среды, биотехнология и др.

Организация «COMSATS» образованная в 1994 году, объединяет более 20 стран мира, штаб-квартира которой расположена в г.Исламабад (Пакистан). Реализация международных проектов «COMSATS» осуществляется под эгидой и при непосредственной поддержке таких известных международных организаций как ЮНЕСКО, ИСЕСКО, Организация исламского сотрудничества, Организация индустриального развития ООН, Исламский банк развития и др.

**Соб. корр.**

## Сеть вузов Шелкового пути

**Первый проректор КазНУ Мухамбеткали Буркитбаев и председатель организационного комитета по созданию сети университетов Шелкового пути профессор Сунгдон Хванг (Ю.Корея) обсудили вопросы сотрудничества в научно-образовательной сфере.**

Открывая встречу приветственным словом, Первый проректор отметил, что у КазНУ сложились хорошие продуктивные связи с вузами Ю.Кореи, реализуются совместные образовательные программы и научные проекты, идет академический обмен преподавателей и студентов. Так, с Университетом Ханьянг осуществляется проект онлайн обучения «Global e-School», совместно с клиникой «Кангнам Северанс» Университета Енсе открыт медико-диагностический центр. Таких примеров много, и КазНУ открыт для сотрудничества.

В свою очередь, Сунгдон Хванг подробно рассказал о целях и деятельности возглавляемой им организации, особо отметив поддержку ректора КазНУ идеи создания сети университетов Шелкового пути. «Академик Мутанов предложил свои идеи по организации работы сети университетов, привлечению в нее вузов стран, расположенных на Великом Шелковом пути и дальнейшего развития сотрудничества», – сказал г-н Хванг. Корейский гость также рассказал, что сейчас ведутся переговоры по вступлению в сеть вузов из Китая, Узбекистана, Кыргызстана и Казахстана. «Наша организация будет способствовать укреплению академических отношений между странами, мы будем проводить научные симпозиумы, конференции и другие мероприятия. Я пригласил КазНУ как ведущий вуз Казахстана вступить в сеть университетов Шелкового пути и стать локомотивом этого процесса в Центральной Азии», – отметил Сунгдон Хванг.

**Рустем АБРАЕВ**

*ҚазҰУ – беделді «COMSATS» халықаралық мемлекетаралық ұйымына мүше болған ТМД ЖОО-лары ішіндегі жалғыз университет*

# Сотрудничество с вузами Индии

**В КазНУ прошла встреча представителей Национального колледжа обороны Республики Индия с руководством, преподавателями и студентами университета. На заседании были обсуждены Казахстано-Индийские отношения и возможные направления сотрудничества.**



В ходе визита гости из Индии ознакомились с работой центра обслуживания студентов «Керемет», медико-диагностического центра и музея Аль-Фараби.

В ходе встречи проректор по научно-инновационной деятельности Т.Рамазанов рассказал гостям о деятельности и достижениях КазНУ, отметив, что сотрудничество между Казахстаном и Индией активно развивается в различных сферах экономики, науки, образования и культуры. В связи с этим растет потребность в специалистах-индологах, которых обучают в КазНУ, на факультете востоковедения. Он также подчеркнул, что со стороны КазНУ есть большая заинтересованность в развитии плодотворных взаимоотношений с вузами Индии.

Возглавляющий делегацию из 15 офицеров высшего ранга Индии генерал-лейтенант NS Гхей поблагодарил руководство университета за теплый прием. «Я очень рад быть здесь и представлять Национальный колледж обороны Республики Индия. Ваш университет обладает развитой инфраструктурой и большим научным потенциалом. Я очень надеюсь, что наши учебные заведения будут плодотворно сотрудничать», — сказал индийский делегат.

На заседании выступили декан факультета международных отношений К. Шакиров и заведующая отделением индологии кафедры Дальнего Востока и Южной Азии факультета востоковедения С.Досова. В своих докладах они проинформировали об основных направлениях экономического и политического сотрудничества Казахстана и Индии. Выступления вызвали живой интерес у собравшейся публики, которая имела возможность задать вопросы и обменяться мнениями по теме встречи.

В завершение мероприятия стороны обсудили возможные направления совместной работы и договорились о продолжении взаимовыгодного сотрудничества.

Следует отметить, что ежегодно студенты, магистранты и докторанты КазНУ выезжают по программам академической мобильности для обучения в вузы Индии, а ученые и преподаватели проходят научные стажировки, участвуют в международных конференциях и программах повышения квалификации.

**Рустем АБРАЕВ**

# Қазақ ғалымының Ыстамбұлдағы дәрісі

**Жуырда Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Т. Омарбеков және кафедра профессоры Г. Хабижановамен бірге Ыстамбұл университетінде Қазақ хандығының 550 жылдығына орай «Қазақ хандығының өзекті мәселелері» атты тақырыпта дәрістер курсын өткізіп қайттық.**

Ыстамбұл университеті әлемдегі ірі әрі көне білім ошақтарының бірі болып табылады. Сүлеймен жаулап алушының жарлығымен 1453 жылы Константинополь қаласын басып алу құрметіне ашылған білім ошағы XX ғасыр басынан бастап заманауи университеттік білім беру жүйесіне көшкен. Қазіргі таңда мұнда 60 мыңнан аса студент, 8 мыңдай докторант білім алады.

Әдебиеттану факультеті тарих бөлімінің меңгерушісі профессор Муалла Уйду Южел ханымның арнайы шақыртуымен жүзеге асқан бұл курсқа тарих, шығыстану, әдебиет және тіл бөлімдерінде білім алып жатқан студенттер қатысты. Студент-жастар арасында Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуы, оның тарихи тамырлары мен қазақ сөзінің мағынасы, қазақ халқының қалыптасуы тәрізді маңызды мәліметтер үлкен қызығушылық тудырып, қызу талқылауға түсті. Қазіргі Қазақстанның саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуының мәселелеріне деген қызығушылық та басым болды. Жастар Түркияның қазіргі жағдайын Қазақстанмен салыстыра отырып, өз пікірлерін ортаға салды. Әсіресе, еліміздің қазіргі тандағы даму қарқыны мен қол жеткізген табыстарына деген ризашылықтарын жасыра алмады.

Түрік империясының негізін қалаған Осман сұлтандарының қызметі мен өмірбаяндары түріктердің ұлттық мақтаныштары десек артық айтқандық емес. Профессор Т. Омарбековтің жазба дерек мәліметтеріне сүйене отырып, өз қолымен салған 41 қазақ ханының портреттерін ұсынуы Қазақ хандығының өз заманында дербес, ықпалды, толыққанды мемлекет болғандығын нақты көрстетуге негіз болды.

Сондықтан, дәріс нәтижесінде бүгінгі Қазақстан — кешегі большевиктер шекпенінен шыққан кеңестік одақтың жарымжан бөлшегі емес, мемлекетінің тарихы тереңнен басталатын, тарих төсінде өшпес із қалдырған көшпелілер өркениетінің негізгі мұрагері екендігі мойындалды.

Сондай-ақ іссапар барысында Мимар Синан және Етитепе университеттерінің оқытушы-профессорларымен де кездестік. Онда ғылыми зерттеулер, мамандар дайындау ісіндегі өзара ықпалдастық пен ынтымақтастықтың жолдары талқыланды.

**М.С. НОҒАЙБАЕВА,**
*т.ғ.к., доцент*

**Социальная проблема является объектом, вокруг которой формируется социальное партнерство. Не секрет, что порой, люди хотят быть полезными, и главное – имеют возможность помочь, но многие из них просто не знают, как они могут реализовать свои возможности. А зачастую бывает так, что человек оказывается в ситуации, когда он не может обойтись без помощи других людей, но он не знает куда обратиться и что делать.**

# «Шаг на встречу»

В этом заключается суть взаимодействия сторон социального партнерства – необходимость друг в друге. Как результат, совместные социальные проекты пытаются решить такие социальные проблемы как оказание помощи и поддержки субъектам, оказавшихся в силу различных жизненных ситуаций в сложном положении, сохранение культурного и исторического наследия и т.п. К настоящему времени, одной из глобальных социальных проблем в Казахстане являются дети, имеющие нездоровые физические и умственные отклонения; страдающие различными заболеваниями, лечение которых требует больших финансовых затрат либо проведения операции за рубежом.

Оценивая отмеченные социальные нужды, понимаешь необходимость и правильность создания социальных проектов и программ. В рамках проектов КазНУ («Айналанды нұрландыр», «Культ здорового тела», «100 книг» и др.) на всех факультетах проводятся различные мероприятия в поддержку социального уровня страны. Не исключение и коллектив кафедры химии и технологии органических веществ, природных соединений и полимеров факультета химии и химической технологии, который организовал социальный проект «Шаг на встречу». Проект создан по инициативе заведующего кафедрой профессора Г.Мун, зам. зав. кафедрой К.Бажиковой и старшего преподавателя Р.Иминовой. Причиной создания мероприятия послужила возможность реализовать большое желание коллектива кафедры в материальной и моральной помощи.

Также в рамках проекта коллектив кафедры оказал финансовую поддержку благотворительной акции «Подари Детям Жизнь» Общественного Фонда «Добровольное Общество Милосердие». Собранные и перечисленные средства в размере 180 000 тенге были направлены на оказание помощи тяжело больным детям. Мы искренне надеемся, что эта помощь, пусть и незначительная, но все же поможет маленьким друзьям вернуться к полноценной жизни и счастливому детству.

Согласно календарному плану в течение 2014-2015 учебного периода преподаватели кафедры со студентами активно участвуют и организовывают различные благотворительные мероприятия. Среди них концерты для детей- сирот в приюте (Г.Мун, П.Уркимбаева, М.Дюсебаева), пожилых людей в домах престарелых и беспомощных людей (Ж.Женис, Р.Иминова). Проводится пропаганда формирования стремления студентов к здоровому образу жизни в поддержку программы университета «Культ здорового тела». Мероприятия проводились на факультетском уровне в форме открытых лекций зав. кафедрой фармакологи КазНМУ им. С.Д. Асфендиярова, профессора Г.Пичхадзе (Р.Музычкина, Д.Корулькин), семинаров доцентов кафедры детских инфекционных заболеваний того же университета (П.Урикмбаева) и тренингов по профилактике ВИЧ/СПИДа психолог-консультантом Общественного фонда «Оперейшн Мерси» К.Ильясовой (Р.Иминова, Г.Кайралапова). В целом, в ходе социально-воспитательных работ на кафедре преподавателями и студентами осознана необходимость в повышении ответственности за воспитание, образование и сохранение психического и физического здоровья человека. Планируется продолжение реализации подобных социальных работ на следующий 2015-2016 учебный год.

**Р. ИМИНОВА,**
*ст.преподаватель*

**КазНУ им. аль-Фараби и Университет Тун Абдул Разак (УНИРАЗАК, Малайзия) подписали меморандум о сотрудничестве**

ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ
№19 (1571) 26 мамыр 2015 жыл


# ҚИЫР ШЫҒЫСТА ДА ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕДІК

**Жақында Корея Республикасындағы 56 шет тілінде сабақ жүргізілетін Ханкук университетінің Орталық Азияны зерттеу институтында ғылыми байланыстар бағытында шақырту алып, қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры Дина Ақбергенқызы Әлкебаевамен бірге ғылыми тағылымдамадан өтіп қайттық.**



Ханкук университеті Орталық Азияны зерттеу институтының директоры, профессор Сон Енг Хун мырза Алаш қозғалысы тақырыбында қазақ тілінде кандидаттық диссертация қорғаған. Қазақша жатық, таза, әдеби тілде сөйлейді. Қазақстанда қызмет жасаған, біздің елді, халқын қадірлейтін, жан-жақты, өрелі азамат екен.

Арнаулы тақырыптарда танымдық басқосулар өткізу және кәсіби тәжірибе алмасуды мақсат еткен сапар барысында тілекшіл, ниеттес азаматтық ықыласын, нақтылы көмегін көріп отырдық.

Ик Шон халықаралық әуежайында бізді Баян (корей қызының қазақша есімі – Қ.М.) атты университет оқытушысы қарсы алды. Қысқы сессияның қарбалас уақытына қарамастан келген күннен бастап корейлік әріптестердің ілтипатында болдық.

Қазірде әлемнің бірталай жоғары оқу орындарында Орталық Азияны зерттеу институттары жұмыс істейді. 2013 жылы АҚШ-тың Висконсии штатындағы Мэдисон университеті «Орталық Азияны зерттеу» орталығымен әріптестік орнатып қайтқан едік. Сол жолы АҚШ-тағы қазақ тілі мен әдебиетіне деген ынта, ықылас, қазақ тарихына зер салудың тарихи, ғылыми негіздеріне біршама қанығып, пісіп-жетіліп тұрған келелі мәселелер туралы көкейге түрлі ой түйгенбіз.

Содан кейін осы университеттің профессоры Фунда Дерин ханым біздің қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы кафедрасына 2 қайтара келіп қайтты. Шығыс елдері, соның ішінде мұсылмандық Шығыс елдерінің әдебиет тарихы, қазіргі кезеңдегі даму бағыттарынан дәріс оқыды. «Ләйлі-Мәжнүн» дастанының нәзира дәстүрінде жазылған нұсқалары тақырыбында бірлесіп ғылыми еңбек жаздық. Таяуда баспадан шығады.

АҚШ-тағы қазақ әдебиеті тарихының оқытылу бағытынан нақтылы дерек-мәліметтер жинауымызға орталық директоры, профессор Юлай Шамилоглы қолдау көрсетуге ынталы болып отыр. Келешек жұмыс бағыттарымыздың бағдарламасын пысықтап, айқындадық.

Кореяға осындай шетелдегі қазақ тілін оқыту, қазақ әдебиетінің тарихына деген ынта бағытында көкейге түйген оңы бар, олқысы бар азды-көпті ойларымызбен келгенбіз.

Ханкук университетінде қазақ тілі, қазақ әдебиеті айрықша ынтамен, өзгеше бір ілтипатпен оқытылып жатқанын көрдік, сезіндік, қуанып марқайдық.

Ханкук университетінде Кореядағы Қазақстан елшілігінің өкілімен кездесу өтті. Орталық Азия департаментінің профессоры Әлия Құрышжанова «Қазақ тілі мамандары үшін оқыту ресурстары» тақырыбында мағлұматы мол ақпараттық-танымдық дәріс өткізді. Осы кездесуде Сеулдегі қазақ тілін оқытатын жекеменшік мектептің басшылығымен, оқушыларымен таныстық. Мектеп бірнеше жылдан бері Қазақстанмен оқушылар алмасу тәжірибесін де қолданып келе жатқан көрінеді. Тіл үйретудің өзіндік озық әдістерін қалыптастырып отырған ынталы ұжым екен. Жиынға Кореяның білім грантымен оқып жатқан қазақстандық магистранттар да келді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің магистратура бөлімінде филология мамандығы бойынша қазақша оқып, магистрлік диссертациясын қазақ, корей әдебиетіндегі ұлт-азаттық күрес тарихы тақырыбы бойынша ф.ғ.д., проф. Ө. Әбдиманұлының жетекшілігімен қорғап кеткен Ко Кенг Ми (қазақша есімі Ләззат) де осында қазақ әдебиеті тарихынан, Абайдың әдеби мұрасынан, Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығынан қазақ тілінде дәріс береді екен.

PhD докторлық диссертациясының тақырыбы да қазақ әдебиеті мәселелеріне арналған. Пысықтау үшін таяуда Қазақстанға барып қайтатынын айтты. Біздер қуана құптадық.

Осы елдің адамдарының бойындағы табандылық, еңбекқорлық, кісілік мығым қасиеттерді ұдайы сезініп отырдық. Ел халқының еңсесі биік. Астамшылық, дандайсу, дабырайту дегендерді адамшылық қалыпқа жолатпайтындары қайда барғанда да көзге ұрып тұрды. Өзгеше бір шынайы кішіпейілділік бізді ұдайы жақсы әсерге бөлеумен болды. Дамыған елдің ата-бабаның ізгілік, игілік ұстанымдарын ең басты құндылық мәнінде көздің қарашығындай сақтап отырғанын көрдік.

Сапар барысында қазақ еліне деген ықылас, біздің ана тілімізді үйренуге деген құмарту, құштарлық та көзге ұрып тұрды. Кореяда бізбен таза қазақ тілінде сөйлесетін орта болды. Қазақша оқып жүрген студенттердің өздеріне қазақша ат қойып алуы дәстүрге айналған. Баян, Назым, Ләззәт, Білім, т.б.

Орталық Азия институтының директоры Сон мырзаның қазақша есімі – Құдайберген. Ол кісіні Қазақстанда өз адамындай «Құдайберген мырза» дейді.

Біз елге оралған соң көп ұзамай Қиыр Шығыстағы әріптестер білім мен ғылымдағы екі жақты барыс-келіс, қарым-қатынасты нығайта түсу мақсатында келісімшартқа қол қою үшін ҚазҰУ-ға келіп қайтты. Ләззәт (Ко Кенг Ми) Сон мырзаның ұйғарымымен Өмірхан ағайымен кеңесіп, басқаларымызбен ақылдасып докторлық диссертациясын қазақ тарихи романдарындағы ұлт-азаттық күрес мұраты тақырыбында жазатын болды.

Біздің тарапымыздан қазақ әдебиетінің қысқаша тарихының оқу құралын дайындап беруге уәде берілді. Тағы да басқа тараптар мүддесіне тиімді нақтылы шаралар ойластырылып пысықталды. Университетімізде дайындық бөлімінде оқып жүрген корей балаларына да көз қырымызды салып жүрмекпіз.

Қиыр Шығыстағы сол бір күндерді есіме алған сайын ел мен елдің арасын жалғайтын іссапарлардың жағымды, қайырлы нәтижелері жалғасын таба беретініне қуанамын.

**Қанипаш МӘДІБАЙ,**
*қазақ әдебиетінің тарихы*
*және теориясы кафедрасының*
*профессоры, ф.ғ.д.*

# Поездка к сердцу коллайдера

**Многие слышали, но мало кто представляет, что это на самом деле - Европейская Организация по ядерным исследованиям (ЦЕРН) и Большой Адронный коллайдер.**



В ЦЕРНе был проведен обучающий тренинг для магистрантов физико-технического факультета КазНУ.

Эта международная организация находится на границе Швейцарии и Франции, вблизи Женевы, здесь проводятся экспериментальные исследования в области физики высоких энергий.

Первостепенной задачей коллайдера являлось обнаружение так назы-ваемого бозона Хиггса, который являлся последним ненайденным объектом в Стандартной модели (об открытии бозона Хиггса объявлено летом 2012 года). Взаимодействуя с Хиггсовским полем, остальные элементарные частицы обретают свою массу.

Для магистрантов из Казахстана были организованы лекции профессоров Мика Сторра (ЦЕРН и Университет г.Бирминген), И. Беляева, А. Ерохина по темам "Введение в космологию", "Введение в физику частиц", "Введение в детектор CMS", "Красота в LHCb", "Медицинское применение физики частиц".

В ходе прохождения стажировки магистранты так же получили научные консультации по тематике диссертационной работы.

Тема диссертационной работы А.М. Бабахановой связана с актинометрическими измерениями уровня солнечной радиации, что является актуальным для развития солнечной энергетики.

При прохождении научной стажировки в ЦЕРНа А.Н. Алдиярова выделила несколько важных аспектов для написания диссертационной работы «3D-моделирование процессов тепломассопереноса, происходящих при сжигании пылеугольного топлива в камере сгорания ТЭЦ». При посещении ЦЕРНа было проведено ознакомление с методом трехмерного моделирования соударений заряженных частиц на встречных пучках, продемонстрированы численные методы расчетов появления вторичных частиц (выброса энергии). Ознакомление с пакетом программ, с численными методами при расчетах, с современным компьютерным оборудованием помогут при написании работы.

Темой диссертационной работы Д.Б. Жабаева является «Особенности метрологического обеспечения криогенного оборудования». Как раз в ЦЕРНе для обеспечения работы как ускорителей, так и детекторов для получения и поддержания сверхнизких температур используются разнообразные сжиженные газы, разнообразная криогенная аппаратура, собранная в одном месте в гигантском количестве. При охлаждении специальных проводников до температуры жидкого гелия появляется явление свехпроводимости, что позволяет достигать необходимых рекордных значений магнитных полей.

Мы надеемся в будущем увидеть Казахстан в числе стран-участников ЦЕРНа.

**А. АЛДИЯРОВА,**
**А. БАБАХАНОВА,**
**Д. ЖАБАЕВ,**
*магистранты кафедры*
*теплофизики и технической физики*

*ҚазҰУ-да оқытушылар мен студенттер Үндістанның Ұлттық қорғаныс колледжінің өкілдерімен кездесті*

# Наш любимый педагог

**Виола Бикеновна Омуркамзинова – одна из любимых учениц Таира Чумбалова, долгое время работала на кафедре органической химии и химии природных соединений КазГУ им. С.М. Кирова.**



В 1959 году она окончила химический факультет, а в 1979 году успешно защитила кандидатскую диссертацию на тему «Фенольные соединения некоторых растений рода Atraphaxis». Она долгое время работала старшим научным сотрудником проблемной лаборатории «Химия растений и синтеза физиологически активных соединений», проводила научно-исследовательскую работу по выделению потенциально биологически активных соединений полифенольного состава из растительного сырья Казахстана. Совместно с Чимкентским химико-фармацевтическим заводом она занималась внедрением противоопухолевого препарата «Лейкоэфдин». Виола Бикеновна сыграла огромную роль в нашем становлении как специалистов в области химии природных соединений. Она с большим интересом и увлечением проводила практические занятия, интересно читала курсы по биоорганической химии, химии природных соединений и фармацевтическому анализу препаратов. Она учила нас многократно, тщательно и добросовестно выполнять эксперименты. Мы, может, в то время не совсем понимали, почему она так слишком требовательна, но зато сейчас, спустя столько лет, говорим ей только «спасибо».

Ее желание и умение помочь каждому студенту, простота в общении, приветливость, справедливость снискали ей особое уважение. Ей присущи такие качества как доброта, высочайшая культура, честность, порядочность, высокий профессионализм и преданность своему делу.

В настоящее время на кафедре химии и химической технологии органических веществ, природных соединений и полимеров работают ученики: Ваша первая дипломница – доктор химических наук, профессор Г. Бурашева; Ваш первый кандидат химических наук – ныне доктор химических наук, профессор Д. Корулькин; Ваши любимые ученицы – доктор химических наук, доцент Н. Султанова и кандидат химических наук, старший преподаватель А.Умбетова, а также ведущий инженер Г. Омарова.

Выражаем Вам глубокую благодарность, признательность и в преддверии профессионального праздника «День химика» с теплотой и любовью вспоминаем и благодарим судьбу, что на нашем жизненном пути встретился такой прекрасный человек и учитель, как Вы. От всей души желаем Вам доброго здоровья и долгих лет жизни!

**С уважением, Ваши ученики**

**Ни для кого не секрет, что профессия педагог – одна из самых главных и ответственных. «Быть педагогом – это гордость и призвание!» – этот лозунг чаще мы слышим из уст самих преданных своему делу педагогов старшего поколения и реже от молодежи.**

# Спасибо, учитель!

Педагоги сами по себе народ скромный и не любят во всеуслышание говорить о себе, своих успехах, достижениях своих подопечных. Таким скромным и трудолюбивым педагогом является заместитель заведующего кафедрой общей и этнической педагогики факультета философии и политологии Гульмира Амановна Касен.

У каждого человека есть свои, присущие только ему человеческие и профессиональные качества. Нашу, всеми любимую Гульмиру Амановну, отличает «мамина» энергетика. Когда находишься рядом с ней, чувствуешь себя в безопасности, защищенности, от нее, как от мамы, веет теплом, добром, заботой, искренностью и одновременно строгостью и требовательностью, а главное – это доверие к студентам. Наверное, поэтому все, кого она готовит к конкурсам, научно-исследовательским проектам, занимают призовые места, защиты дипломных и магистерских работ выполняются на высоком уровне. Например, в этом учебном году команда, подготовленная Гульмирой Амановной к предметной республиканской олимпиаде по специальности «Педагогика и психология», заняла гран-при. И еще, у участников Студенческого научного общества (СНО) «Логос» Гульмира Амановна, основателем и руководителем которого она является , формирует ответственность, самостоятельность, жизненную активную позицию, умение налаживать контакт со студентами разного возраста и разных групп с 1 по 4 курсов, мотивирует к совершенству, развивает креативность и организаторские навыки. Мы не раз замечали, что если она что-то обещает, то непременно это выполняет. Она учит и нас быть человеком слова. Мы ее так любим, что не хотим огорчить и боимся не оправдать надежд, которые она на нас возлагает, как на будущих специалистов.

Ее глубокие знания в области психологии и педагогики вдохновляют нас к самосовершенствованию, повышению уровня знаний. Гульмира Амановна в течение всех 4 лет была рядом с нами, поддерживала, направляла, привлекала к научно-исследовательской деятельности, развивала наши таланты, вложила в нас всю свою любовь и показала, какое это большое счастье – быть педагогом. Совсем скоро мы окончим университет и разъедемся в разные города, но всегда в нашей памяти Гульмира Амановна останется как профессионал своего дела и заботливый педагог. Мы от всей души благодарим ее за нелегкий труд и за все то, что она сделала во благо нашего будущего!

***Группа студентов 4 курса специальности «Социальная педагогика и самопознание» кафедры общей и этнической педагогики***

# Отаншылдық тәрбие міндеттері

**Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстанның отаншылдық сезімін тәрбиелеу білім берудің мектепке дейінгі жүйесінен жоғары оқу орындарына дейінгі орталықтарда барлық ұйымдарда көкейкесті болып табылады. Балаларды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүюге тәрбиелеу – мұғалімнің аса маңызды, аса жауапты да қадірменді парызы», – деген еді. Әр дәуірдің тарихи кезеңдерінде Отансүйгіштікке тәрбиелеудің өзіндік мүдделері болады. «Ұлтжандылық», «отансүйгіштік», «патриотизм» ұғымдары, ең алдымен, сол заманның ақиқаты, наным-сенімінен туындайды. Еліміз егемендік алғаннан бері жас ұрпақ тәрбиесінің темірқазығы қазақстандық патриотизм болды.**



Суретті түсірген Айгүл Карканова

Патриоттық тәрбие, ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім рухани байлықтан көрініс табады. Олай болса, рухани байлыққа, ең алдымен, тілімізді, дінімізді, салт-дәстүрімізді жатқызсақ, тіл – қазақ болуымыз үшін, дін – адам болуымыз үшін, салт-дәстүр – ұлт болуымыз үшін қажет. Патриотизм сезімінің оянуы мен қалыптасу үрдісін белгілі бір асқақ сезімдерден, мақтаныш-сүйіністен бөлежара қарауға болмайды. Ол – елінің өткен тарихын мақтаныш тұту, жерінің байлығына, әсем көркіне сүйсіну, атадан балаға жалғасып, жақсы үрдісін тапқан ұлттық тілді құрметтеу. Осы сезімдерден туатын, санада орнығып қалыптасатын асыл қасиеттер ұлттық патриотизм деңгейінде өркен жайып, азаматтық патриотизм биігіне ұласатын сияқты. Әрине, бұл – өздігінен бола салатын нәрсе емес, ол да нақты тәрбиенің жемісі. Бұл тәрбиенің жемісін еккен, әрине, мектеп жасына дейінгі балалар үшін – тәрбиеші, ал орта білім мен жоғары білім алушылар үшін – ұстаздар қауымы деп айта алар едім.

«Қазақстан – біздің ортақ үйіміз, біздің өзіміз де, біздің бабаларымыз да осы жерді мекен етеді. Егер біз өзіміздің өмірімізді сынауды білербулсақ, оны жасампаздықпен жаңғыртып, бой көрсеткен әрбір тал шыбықты мәпелеп өсіріп отырмасақ, онда біз өзімізді нағыз патриот деп санай алмас едік», – деген Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың сөзі мемлекетіміздің келешегінің тұтқасын ұстайтын жас ұрпақты осы бастан Отанына, атамекеніне шын берілгендік рухында тәрбиелеуден артық борыш жоқ екендігін көрсетеді.

Адамгершілікті, тәрбиелі адам – кез келген мемлекеттің байлығы, әлеуметтік өмірдегі бейбітшілік пен мәдениеттіліктің кепілі.

«Қазақстандық патриотизм» ұғымы біздің тәуелсіздігімізбен қоса туған жаңа сөз болып, еліміздегі саяси-әлеуметтік ахуалдың ерекшелігін көрсетеді. Елімізде жүзден аса ұлттар мен ұлыстардың өкілі өмір сүруде. Қазақстан олардың көпшілігінің туған Отаны және бұдан былай да мәңгі тұрақтап қалар мекені болмақ. Сондықтан олардың әрқайсысы Қазақстанды ата-жұртым деп танып, оның тәуелсіздігін қорғауға және материалдық байлығын арттыруға еңбек етуі тиіс. Сол себепті қазақстандық патриотизм ұғымы күнделікті өмірде жиі қолданылып, кеңінен қалыптасып келеді. Егемені елдің азаматын тәрбиелеуде әр тәрбиешінің, әр ұстаздың ең басты мақсаты – дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениеті, парасаты, арожданы мол, еңбекқор, іскер бойында игі қасиеттері бар адамды тәрбиелеу.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» дейтін еңбегіндегі мына бір тамаша ойға жүгініс жасаған дұрыс болар: «Әрбір адам біздің мемлекетімізге, соның бай да даңқты тарихына, оның болашағына өзінің қатысты екенін мақтанышпен сезіне алатындай іс-қимыл жүйесін талдап жасауы қажет. Елдің мәселелері де, келешегі де барлық адамға жақын әрі түсінікті болуы тиіс. Әрбір адам бала кезінен Қазақстан – менің Отаным, мен үшін жауапты екені сияқты мен де ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей істегені жөн». Міне, осы сөздің өзі – тұла бойы тұнған отаншылдық тәрбие міндеттері.

**Досым МӘТЕНОВ,**
*ҚазҰУ проректорының көмекшісі*

**31 мая – День работников химической промышленности**

100 КІТАП

# Мәңгілік жас Саттар

**Отызыншы жылдардағы әдеби толқынның ірі өкілдерінің бірі – жазушы, ақын, сатирик, публицист, сыншы, аудармашы Саттар Ерубаев. Ол қазақ әдебиеті тарихында көрнекті орын алады.**

*Барлық ұлтқа ортақ, бір ұғым бар -*
*ішке сыйған бала, сыртқа сыймайды.*
*Ал, біздің қазақта да ұғым бар.*
*Маңдайға сыймады деген. С. Ерубаев*
*ғұмыры осы екі ұғымды да бірдей қамтиды.*
*Ол - сыртқа да, маңдайға да сыймай*
*кеткен ұлы дарын .*
**Дулат ИСАБЕКОВ**

Саттар Асқарұлы Ерубаев 1914 жылы 14 қыркүйекте Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан ауданы, 21 ауылында дүниеге келген. С. Ерубаев мұнда 1930 жылдың маусым айына дейін оқиды да, сол жылы күзде Ленинград тарих, философия, лингвистика институтына оқуға түседі. Болашақ жазушы институттың әдебиет бөлімін 1933 жылы үздік аяқтайды. "Орыс неоромантизмі және қазақтың ұлттық әдебиеті" деген диплом жұмысын П. Медведевтің жетекшілігімен "өте жақсы" қорғап, озат студенттер қатарында аспирантураға қалдырылады.

С. Ерубаев 1933 жылы қыркүйек айынан "Ленинская смена" газеті редакциясында әдебиет және өнер бөлімінің меңгерушісі болып қызметке кіріседі. 1934 жылы "Лениншіл жастағы" қызметімен қоса, "Пионер" газетінің редакторы болып істейді.

1934 жылы 5 шілдеде Қазақстан өлкелік партия комитетінің қаулысы бойынша жазушыны Қарағанды өндірісі газетінің ісін жақсарту, оны жаңа кадрлармен толықтыру мақсатымен "Қарағанды пролетариаты" газеті комсомол бетінің редакторы етіп жібереді. Ол өндіріс газетін жақсарту мақсатында белсене қызмет етті. "Менің құрдастарым" романының негізі осы қалада қаланды. Қара алтын қазушы шахтерлердің еңбегі, тұрмысы, сезім-күйі оған ерекше шабыт берді.

С. Ерубаев көп ұзамастан 1935 жылы мамыр айында Алматыға оралады. Осы жаз Қарағандыда қолға алған "Менің құрдастарым" романының бірінші бөлімін аяқтайды.

Ол 1935 жылы жазда өз білімін жетілдіру мақсатында Ленинград университетінің



аспирантурасына түсуге дайындалды. Сол жылы күзде аспирантураға оқуға түсті. Ленинградқа бара жатқан сапарында Мәскеуде аз күн аялдап, Қазақстанның XV жылдығы құрметіне шыққан көркем әдеби жинаққа аудармаларын береді. Саттар денсаулығының нашарлауына байланысты 1936 жылы қыркүйекте аспирантураны аяқтамастан елге оралады. Алматыда емделе жүріп, Қазақ педагогикалық институты қазақ әдебиеті кафедрасының доценті болады. Ол әдебиет тарихы мен теориясынан дәріс оқиды. Факультеттегі әдеби үйірмені басқарды. М. Жанғалинмен бірлесіп "Әдебиет хрестоматиясын" әзірлеп, баспаға өткізеді. Әйтсе де Саттарды меңдеп алған өкпе ауруы көп мазалайды. Институт басшылары оны 1937 жылы ақпан айында "Каменское плато" курортына емделуге жібереді. Сол жылы жаз айында жазушы туған еліне соңғы рет барады. Алматыға оралған С. Ерубаев ауруханаға түседі. Сол жылы екінші маусымда Алматы туберкулез диспансерінде жас талант өмірден кайтады. Жазушының 2014 жылы 100 жылдық мерейтойы туған елінде кеңінен аталып өтті.

Саттар – қазақ поэзиясында балладаны жанрлық жағынан қалыптастырып, дамытуға үлес қосқан, жаңашыл ақын. Саттардың "Менің құрдастарым" романының увертюрасындағы "Мәңгілік өмір туралы жыр" балладасы – көлемді, мазмұнға бай туынды. Онда өмір белестерін тебірене толғаған ақын:

*Өмір деген тұңғиықтың түбінде*
*мен жүр едім,*
*Өлім деген суық сөздің тілінде*
*мен жүр едім.*
*Өмір деген өксігімді баса алмастан*
*жүр едім.*
*Бір жабыққан көңілімді аша алмастан*
*жүр едім, –*

деп төгілте жырлайды.

"Мәңгілік өмір туралы жыр" – Саттар балладалары ішіндегі шоқтығы биігі. Шартты метафора, образдылықпен ақын балладағы "мәңгілік өмір" сырын сыйдырған. Алғашқы бөлімінде аңыз-ертегілік элемент енгізеді. Төлеңгіт ақынды бабаларымен тілдестіріп, халықтың қанынан арық ағызған датқаның жауыздығын шегініс арқылы баяндайды.

Өмір деген өксігімді баса алмаған жан едім,

Өнерімнің барлық гүлін аша алмаған жан едім, –

деп өкінішті өмірін еске алған жыршының жол үстінде қансырап жатқан жігітке кездесуімен мәңгілік өмір жасаушылардың ерекше қайрат, жігері әсерлі көрсетіледі. Автор кейіпкеріне "жан едім", "жан едім" деп өзінің ішкі жан сырын, арман-аңсарын сездірту үшін кезекті қайталауды үдете қолданады. Эпифоралық әдістің бір көрінісі осы шумақта. Өлеңге интонациялық-музыкалық екпін беріп, экспрессивтік-эмоционалдық бояуын күшейтіп тұрған "ө" дыбысының үздіксіз қайталануы, яғни ассонастың әсем үлгісін оқушы зердесіне оп-оңай енгізуі – ақынның көркемдік тәсілді шебер қолданғанын болса керек. Осылайша балладада үш ұрпақ өкілдерінің өмірі ұштасып, өте ауқымды көрініс болып шыққан.

Саттар жанрдың қалыптасқан деңгейінде қалмай, оны кеңейте жаңғыртқаны көрініп тұр. Ол композицияға ертегілік элемент қиыстыра отырып, өмір жібін үзбестен Төлеңгіт арқылы реалистік эпизодқа жалғастырған. Осындағы Төлеңгіт қарт дәуірлер арасын жалғастырушы іспетті. Екі эпизодтан тұтасқан ғажайып бір балладалық көрініс туады. Ақын туындыда терең философиялық толғаныска, психологиялық характерлер беруге ұмтылыс жасаған. Ол өмір мен өлім мәселесін, өмір сүрудің мәнін өткен мен бүгіннің арақатынасы үлгісінде топшылауға ұмтылыс жасайды. Туындыда адам атына лайық із қалдыру үшін адалдық пен әділдікті мұра тұту қажет дейтін дидактикалық пайымдауға итермелейтін желі бар.

Ақын эпикалық желіні лиризмге бағындырып отырады. Туындылардағы лирикалық лептің әсері күшті, үлкен мағына аңғарта білген шығармалардың балладалық сипаты айқындалған.

Ақынның поэзиялық туындыларында Отан, Еңбек, Достық, Махаббат, Бақыт секілді қасиетті ұғымдарды жырлап, патриоттық рухы биік лирикалық шығармалардың үлгісін жасады. Саттардың қайсыбір өлеңі лирикамен үндесіп, публицистикалық ой-сарынмен сабақтасып жатты.

Мәңгілік өмір туралы романтикалық балладасымен қазақ әдебиетінде мәңгі жас болып қала беретін Саттар Ерубаев шығармашылығы – жастарға рухани азық боларлық асыл мұра.

**Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА,**
*баспасөз және электронды*
*БАҚ кафедрасының меңгерушісі*

# Мәңгілік өмір

Қазақ әдебиет тарихында аз ғана ғұмыр кешіп, жасындай жарқ еткен талай тұлғалар артына өлмес, өшпес мұра қалдырып кетті. Олардың еңбегі бір сәттік сәулелік ғұмырдың жарық кезі, қараңғы түспейтін түсы іспетті.

Саттар Ерубаев шығармашылығы – өз заманының айнасы. Еңбекке араласу, өзі дүниеге келген дәуірді сүю, құрметтеу, өз заманына деген шексіз адалдық пен терең табынушылық – барлығы бір кездердегі қазақ пролетариатының бет-бейнесін көз алдына әкеледі.

Табанымыздың астындағы қазынамызды игеріп жатқан шетелдіктердің іс-әрекеті сол кездің ғана емес, Саттар ұрпақтары өмір сүріп жатқан бүгінгі күннің де кейбір тұсында кездесіп қалады.

«Ауылыма өлмеушілік мен әкеле жатыр ем, Анау әне жәшіктегі кітаптарды оқып па ең? Ол кітаптар – көсемдердің еңбегі, Ол еңбектер – мәңгі жасау, өлшеушілік өрнегі. Сол еңбекті өлмейтұғын, өшпейтұғын, ағатай, Мен ауылға алып келе жатыр едім шаршамай. Жеткізбестен тап дұшпаны жол үстінде сұлатты, Бірақ жауға мен бермедім өлмейтұғын кітапты. Мен өлермін алтын күннің шығуына қарамай, Ауылыма кітаптарды жеткізіп бер, ағатай», – деп Саттар Ерубаев өзінің «Мәңгілік өмір туралы жыр» атты өлеңінде жырлағандай, ақын өзінің бақытын кітаптан іздеді.

Ол жөнінде Әбділдә Тәжібаев: «Саттардың бір қызығы – ол өзінің өлеңдерімен қатар прозалық шығармасын да жатқа айта беретін. Кейінірек «Менің құрдастарымның» кейбір бөлшектерін өлең сияқты әндете оқығаны есімде. Саттар ақыл-ойы шупілдеп тұрған, жасына жетпей-ақ бәрін оқып, бәрін тоқып алған үздік талант еді. Мен дәл кезінде Алматыға қайтқаныма, Саттармен табысқаныма осы күнге дейін қуанамын. Егер мен Саттармен кездеспесем, көп нәрседен кенже қалған болар ма едім, әлде кайтер едім... Менен бес жас кіші болса да ол маған он жас үлкен ағадай үлгі көрсетті. Саттар поэзиядан музыка, философия іздейтін, өлеңнен екпін, дауыл тапса қуанатын», – деген болатын.

Оның жиырмаға аяқ басқан тұсында жазған «Менің құрдастарым» романы бүгінгі күнге дейін сол кездегі замана келбетін танытып, Қарағандының әлі күнге дейін толастамаған тіршілігінің бастауын көрсетіп берді. Ондағы кейіпкерлердің жан дүниесі, толқынысы, күйініші, қуанышы барлығы сенің жаныңнан өтіп жатқандай болады.

Олармен дос, бауыр боп кеткендей күй кешесің. Арада ғасырға жуықтаған жылдар өтсе де өзінің маңызын жоймаған еңбек 23 жасында жарық дүниемен қоштасқан жанның жазбасындай көрінбейді.

Меніңше, Саттар Ерубаев өмірге ғашық болды, өміршең кейіпкерлер тудырды, себебі олармен бірге өзінің өмір суретінің де білген сияқты. Аз ғана ғұмыр оған мәңгілікті тарту етті. Екі мүшелді де көре алмаған ақынның шығармашылығы бір ғана ғұмыр емес, бірнеше ғұмырдың жүзін көріп, жаңа заманмен табысып, біте қайнасып жатыр. Бұл Саттар Ерубаев айтқан «Мәңгілік өмір»...

**Арайлым ӘКІМ,**
*журналистика факультетінің*
*4-курс студенті*

*... Текше таудың бауырында, мөлдір бұлақ жағасында ұзын терек болатын еді. Бұл терекке жақын жерде, қалың шөптер арасында, жылда жайнап шешек атып, айналаға жұпар иісін тарататын бір қызыл гүл өсетін еді. Мен білем бе себептерін: қыз жүрегі қызыл гүлге жақын болған ежелден, әйтеуір сол содан кейін күнде келіп қызыл гүлді сылап-сипап мәпелейді.*

*Көкке мойнын созған терек, тәкаппар боп өскен ғой, ол іші күйіп қызғанады, сұлу қыз да қызыл гүл екенін қайдан білсін, сүйілген сұлу гүлге құмар болатынын қайдан білсін, қыз жүрегін ұрлап алған қызыл гүлді көп ойланып, мұқатпақшы болады терек.*

*«Е, қызыл гүл, таң атарда шешек атып сыланасың, сұлу қыздай таранасың, бірақ сен гүл, табиғаттың сені әбден мазақ етіп, қор қылғанын сезесің бе? Өсімдіктердің ішіндегі ең жаманы сен боласың, ұзындығың бір-ақ тұтам, алабұта, қамыстардан бойың озып, мойның асып еш нәрсені көре алмайсың. Ағаштарға патша, ұзын терек мен боламын, жер бетінде не болса да көріп, біліп тұрам. Алабұта, қамыстардан басқа нәрсе көре алмаған, сен де өзіңді ұялмастан бақытты деп санайсың-ау!»*

*Саттар Ерубаевтың*
*«Менің құрдастарым» романынан үзінді*

***Бетті жүргізген әл-Фараби кітапханасының кітапханашы-менеджері Жұлдыз МАНАПБАЕВА***

**ҚазҰУ-да Жібек жолы университеттер желісін құру бойынша ұйымдастыру комитетінің төрағасы Сунгдон Хванг (Оңт.Корея) қонақта болды**

# ЖАС ҒАЛЫМДАР ІЗДЕНІСІ

**Ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің ғылыми еңбектері біздің студенттер мен жас ғалымдарға рухани дем беріп, шабыттандырады. Университетте дәстүрлі түрде өтетін «Фараби әлемі» атты халықаралық ғылыми конференциясындағы олардың дайындығы соның айқын көрінісі болды. Сондықтан Қазақ хандығының 550 жылдығы, Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 70 жылдығы, Қазақстан халқы ассамблеясының 20 жылдығына арналған биылғы шарадағы студенттердің ізденістері жайлы айтуды жөн санадым.**

Мәселен, 3-курс студенті Бибігүл Еркембектің Есім ханның әскери іс-әрекеттерінің тактикалық әрі стратегиялық зор көрегендік қасиеттерін тарихи құжаттар негізінде дәлелдеуі үлкен еңбекті көрсетті. 2-курс магистранты Жарқын Сәленнің Қытай қазақтарының дәстүрлі отбасылық қарым-қатынастарын тарихи-этнографиялық материалдармен дәлелдеп, қазақтардың дәстүрлі отбасылық тәлім-тәрбиеге баланың ана құрсағында болған кезеңінен көңіл бөлінетіндігі басқа ел-жұртқа өнеге болады. 2-курс магистранты Досжан Қалиевтің Оғыз-қыпшақтардың шығу тарихы мен оның этникалық құрамы протоқазақтардың сол кезеңдерде халықтың бірлік пен тұтастық идеологиясын ту еткендігі, тарихи хронологиялық бағытта деректермен дәлелдеп беруі ерекше тиімді шықты. Факультетіміздің 1-курс магистранты Арайлым Ахметованың зерттеуінде Еділ Бұлғар патшалығының Киев Русімен қарым-қатынасының саяси аспектілерін тарихи құжаттар мен дерек көздері негізінде мемлекеттік саяси-экономикалық, әлеуметтік салалармен ұштастыра білуінің тиімділігін көрсетуі позитивті рең алды. 2-курс студенті Аяулым Шағатаеваның ортағасырлық қалалар жайлы қазақтың батырлар жыры арқылы ғылыми зерттеулері ерекше болды. Сондай-ақ, қазақ батырлары институтының сан қилы мәселелерін болашақта фольклорлық деректер негізінде әлем елдерінің мұрағаттарынан іздеу қажеттілігін жас зерттеушілер қаперінде ұстаса керемет болар еді.

3-курс студенті Ботагөз Сатаеваның «Ежелгі Тараз қаласының шахристанында 2014 жылғы жүргізілген қазба» атты зерттеу жұмысы көне Тараз қаласының саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени мәселелерін керемет тарихи ескерткіштер тарапынан оңтайлы көрсете білді. Студент Б. Сатаева Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің экономика және құқық факультетінің студенті болуымен қатар, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ белгілі профессоры Мадияр Елеуовтың шәкірті болып табылады. Бұл көрсеткіш Қазақстандағы университетаралық ықпалдастық пен инновациялық технологияларды жетілдірудің кепілі болып табылады.

Ал 2-курс студенті Лаура Мұсаның скифтерге арналған грек аңыздары мен түркілік аңыздардың ұқсастығы жөніндегі ғылыми зерттеу еңбегі де ерекше тарихи-этнографиялық материалдармен жас ғалымдардың қызығушылығын туғызды. Біздің факультеттің 4-курс студенті Сымбат Сағындықова Солтүстік Қазақстанның ерте темір кезеңінің қоныстары жөнінде археологиялық материалдарына тарихи-этнологиялық сараптама жасауға ұмтылды. Бұл үрдіс болашақ жас ғалымдардың позитивті еңбек етуіне ықпал етеді.

Міне, осылай болашақ зерттеу университетінің жас тарихшылары тарихи, археологиялық және этнологиялық технологиялар арқылы зерделеу мен сараптамалар негізінде өзіндік ғылыми-зерттеу жұмыстарын сәттілікпен жүзеге асырды.

**Қарлығаш ЕРҒАЗЫ,**
*тарих, археология және этнология факультетінің аға оқытушысы, т.ғ.к.*

## Табиғатпен үндестікті аялайық

**Осындай атаумен жуырда 3-ЕШТ, қазақ тобында оқитын студенттерден құрылған ерікті жасақ тобына арналған экологиялық шара өтті.**

«Айналанды нұрландыр» жобасы арқылы жас ұрпақты қоршаған ортаны қорғауға, отансүйгіштікке, тәрбиелік мәні бар ұлттық, мәдени және рухани құндылықтармен байытуға баулуды, олардың ішкі жан дүниесін табиғи үйлесімдікке, сұлулылыққа жетелеуге ықпал етуді мақсат еткен шараны ұйымдастыруға журналистика, филология, әдебиеттану және әлем тілдері, тарих, археология және этнология факультеттерінің шаруашылығына жауапты Жұлдызай Балмұхамбетова бірге атсалысты.

Экологиялық сабақ ашық аспан астында өзіміз кафедраның атынан ұзақ мерзімге гүл өсіріп, баптап, күтім жасауға міндеттенген шағын алаңқайдың ішінде өтті. Жұлдызай ханым алдымен былтыр көктемде отырғызылған гүлдердің бүгінгі таңда шығып келе жатқан түрлері, биыл қосымша егілген көшеттер туралы, оларды қалай, қайтып, қандай жерге отырғызу керектігін, оларды шығынсыз қалай баптап, күту керек екені жөнінде студенттерге айтып, әдемілік, сұлулық деген құштарлықтың бастауының негізі – флористика пәнінен біраз мәлімет берді. Студенттер күнделікті өмірде өздері қасынан өтіп жүріп, аса мән бере бермейтін айрықша текті ағаштарға оранған, ғимараттардың айналасында жайқалып тұрған, ауаны үнемі тазартып тұратын қасиетті, сонысымен де аса құнды саналатын қылқанжапырақты қарағай ағаштары туралы мағлұмат алды. Студенттер аз уақытта көп нәрсені көңіліне тоқыды. Енді бұдан былай олар ҚазҰУ қалашығына кіреберісте ерекше сән-салтанатпен орналасқан сәулетті ғимараттардың айналасында ерте көктемнен сары күздің соңына дейін мың құбылған гүл-бәйшешек, текті ағаштарымен көмкерілген университетіне ерекше сезіммен қарайтын болады.

**Б. ТӨРЕХАНОВА,**
*жалпы тіл білімі және шетел филологиясы кафедрасының оқытушысы*

# НҰРЛЫ ЖОЛҒА БАҒЫТТАЙТЫН...

**Жуырда биология және биотехнология факультетінде «100 кітап» жобасы аясында әдеби-танымдық кеш өтті. ҚазҰУ-дың биотехнология кафедрасы мен ҚазМемҚызПУ-дың филология факультеті студенттерінің басын қосқан шара өте қызықты әрі өзгеше болды.**



Бұл шарада әрбір студент өзінің сүйікті ақын, жазушылары туралы ой бөлісіп, олардың шығармашылығынан үзінді оқыды. Қазіргі және өткен толқындағы әдебиет жайлы ой-пікірлерін айтып, қазіргі заманда бір сарында жазылып жүрген поэзиялар жайлы ой қозғады және де үш тілдік саясаттың мүмкіншіліктері жайлы да біршама ой қозғады. Барлық ғылым салалары бір-бірімен байланысты болып келеді десек, біз бұл ретте биотехнология мен әдебиетті байланыстырдық. Халқымыздың адам анатомиясын, физиологиясын ертеден жақсы білгендігіне назар аударттық.

Кітап таныстырған жүздеген кейіпкерден өз бойындағы үлкенді-кішілі кемшіліктерді байқайсың. Кітап ішінен дана қарияны, ақылды ананы, көңілді құрбы-құрдасты табасың. Олардың жақсылықтары сенің бойыңда тамырын жайып, өзіңе ғана таныс ғажайып әлем пайда болады.

Сондай-ақ бар болмыс бітімімен жиіркендіретін жағымсыз кейіпкерлермен де жүздесесің, оларға қарсы күрес ашасың. Жақсылық пен жамандықтың мәңгілік күресінен құрылған кітап, көркем әдебиет адам өмірін нұрлы жолға бағыттаушы десек артық болмас. Кітап кейіпкерлері арқылы өмірдегі ащы шындықты біліп, адам мінезінің көлеңкелі жақтарын сезініп, өзіңді өмірге дайындайсың. Қанша жазушының кейіпкері сан мыңдаған оқырманның досына айналды десеңші...

Кеш соңында екі университет студенттері аптасына кем дегенде 1-2 кітап оқуға келісті. Жастар мен студенттер бірауыздан қолдады.

*Эдвайзерлер:*
б.ғ.к. **С.К. ТУРАШЕВА,**
б.ғ.к. **С.Б. ОРАЗОВА**

**В КазНУ презентовали книгу из серии «Өнегелі өмір», посвященную жизни и деятельности ученого, публициста, писателя и педагога Абильфаиза Идрисова**

# СПОРТ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Ғ. Мұтановтың бастамасымен жастарды моральдық-этикалық, мәдени-эстетикалық, алғырлық пен төзімділікке баулитын іс-шаралар үздіксіз жүргізіліп келеді.**



Осыған орай филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің «Дода» клубының ұйымдастыруымен «Саламатты дене мәдениеті» жобасы аясында 1-4-курс студенттері, магистранттар мен доктаранттар, оқытушы-профессорлардың қатысуымен кіші футболдан, үстел теннисінен және волейболдан жарыс өтті.

Үстел теннисі секциясы бойынша 1-орынды Шерзот Баратов иеленсе, 2-орынды Мади Бекмаханбетов, 3-орынды Арман Бейімбетов өз қоржындарына салды.

Кіші футболдан өткен ойында өз командасының мықтылығымен 1-орынды магистранттар командасы, 2-орынды 4-курс студенттері, 3-орынды 1-курс студенттер командасы иеленді.

Ал волейболдан қыздар арасында 1-орынды 1-курс студенттері жеңіп алды. Ерлер арасында 1-курс студенттері жеңімпаз атанса, оқытушы-профессорлар командасы 2-орынды, магистрант-доктоланттар 3-орынды қанағат тұтты.

Спорттық іс-шараның демеушілері жеңімпаз командаларды декан кубогымен, дипломдармен, бағалы сыйлықтармен марапаттады.

**К. КҮРКЕБАЕВ,**
**Е. КАРБОЗОВ,**
*«Дода» клубының жетекшілері*

## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, БАЙҚАУ!!!

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ ОҚЫТУШЫ-ПРОФЕССОРЛАР ҚҰРАМЫНЫҢ БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫНА БАЙҚАУ ЖАРИЯЛАЙДЫ**

**ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ**
2015 жылдың маусым айының 24 жұлдызына дейін (қоса алғанда)

Қажетті құжаттардың тізімі:
1.Университет ректорының атына өтініш;
2.Кадрларды тіркеу жөніндегі жеке іс парағы;
3.Өмірбаян;
4.Нотариалды расталған жоғары білім, академиялық және ғылыми дәрежесін растайтын дипломдарының көшірмесі;
5.Ғылыми атағын растайтын аттестат көшірмесі;
6.Ғылыми еңбектерінің тізімі (болған жағдайда);
7.Анкета;
8.Соңғы жұмыс орнынан мінездеме;
9.Біліктілікті арттыру сертификаттарының көшірмесі (болған жағдайда);
10.Жеке медициналық кітапша (№086 медициналық анықтама), флюорожазба.
11.Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Академиялық саясаты бойынша тест тапсырғаны туралы анықтама (www.kaznu.kz).

Жарияланған бос орындар жөніндегі нақты мәліметпен «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінің 2015 жылғы 26 мамырдағы сандарында жарияланған хабарландыру арқылы танысуға болады.

*Құжаттар келесі мекен жайда қабылданады:*
*Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71, ҚазҰУ, ректорат (№703, 704 бөлмелер);*
*9.00-дан 18.00-ге дейін.*
*(Кадр және мұрағат істері басқармасы)*
*Анықтама телефондары:*
*8 (727) 377 35 35, 377 33 30 (ішкі 11-71, 11-73),*
*факс – 377 33 44*

# Жылдам, биік әрі күшті!

**Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай механика кафедрасының ұйымдастыруымен «Жылдам, биік әрі күшті!» атты спорттық іс-шара өтті.**



Оқытушылар мен студенттер спорттың сегіз түрі бойынша – футбол, волейбол, теннис, тоғызқұмалақ, шахмат, арқан тартыс, асық, бес тастан жарысқа түсті. Салауатты өмір салтын және ұлттық ойындарды насихаттау мақсатында жүзеге асқан жарысқа футболдан 8 команда, волейболдан 4 команда, тенниске 20 студент, шахматқа 16 студент, тоғызқұмалаққа 4студент, арқан тартысқа 4 команда, асыққа 15 студент, бес тасқа 12 студент қатысты.

«Спорт –денсаулық кепілі!», «Жылдам, биік әрі күшті!», «Біз салауатты өмір салтын қалаймыз!» деген үндеулер жазылған Жастар алаңында жарыс аса тартысты өтті. Футболдан – механика мамандығы бойынша оқитын 2-курс студенттерінің «Даламбер» командасы, волейболдан – механика мамандығының 3-курс студенттерінің құрама командасы, теннистен – ҒТТ мамандығы бойынша оқитын 1-курс магистранты Құрманбеков Әлімжан, шахматтан – механика мамандығы бойынша оқитын 3-курс студенті Досеке Олжас, арқан тартысудан – механика мамандығы бойынша оқитын 2-курс студенттерінің командасы, тоғызқұмалақтан – механика мамандығы бойынша оқитын 4-курс студенті Камаладин Гүлдана, асықтан – механика мамандығының 3-курс студенті Мәкен Айбек, бес тастан – механика мамандығының 3-курс студенті Қуан Мақпал жеңімпаз атанды. Студенттер бұл жеңістерін Ұлы Отан Соғысында ерлік көрсеткен ата-бабаларымыздың рухына арнайтындықтарын жеткізіп, өз лебіздерін білдірді.

**Д.Е. ТУРАЛИНА,**
*механика кафедрасының доценті*

## САЛАУАТТЫ ӨМІР СҮР!

**Университеттегі «Саламатты дене мәдениеті» жобасы аясында студенттерді салауатты өмір салтына баулу мақсатында физика-техникалық факультетінің теориялық және ядролық физика кафедрасы С.Д. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ оқытушылары және студенттерімен бірлескен шара өткізді.**

Спорттық шара студенттердің салауатты өмір сүруге ынталарын арттырып қана коймай, олардың бұл тақырыптағы білімдеріндетолықтыратүсті. Студенттерге «Жастық пен сұлулықтың құпиясы», «Замануи контрацепция», «ЖИТС инфекциялары – жастар арасында» сынды тақырыптарда дәрістер оқылып, мол мағлұмат берілді. ҚазҰМУ оқытушылары мен интерндерді жоғарыда аталған тақырыптарға үлкен жауапкершілікпен дайындалып, жан-жақты кәсіби ақпар берумен қатар, интерактивті әрі көрнеки құралдармен студенттерге түсінікті әрі есте қаларлықтай етіп жеткізді. Сол үшін ҚазҰМУ оқытушылары мен студентеріне айтар алғысымыз мол.

**Р. МЫРЗАҚҰЛ,**
*теориялық және ядоролық физика кафедрасының аға-кураторы*

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
Бас редактор м.а.: Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА
Жауапты хатшы – Дариға АМАНКЕЛДИЕВА
Тілшілер: Ақмарал ҚУАНЫШЕВА, Рустем АБРАЕВ
Дизайнер – Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
Фототілшілер: Талғатбек АСАНОВ, Азамат БУЛАТОВ
Корректорлар: Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

МЕКЕНЖАЙЫ:
050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.
Электронды мекенжай:
kazuniver-gazeti@mail.ru
Газет редакцияның компьютер орталығында терілді, беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды
Тел.:2-93-09-09

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс №455
● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, уш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.